

Ержанова Альбина Ергешбаевнаның 6D020800-Археология мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Қола дәуіріндегі Сарыарқа тұрғындарының тас құралдары (Атасу мен Талдысай микроаудандары бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АҢДАТПАСЫ

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Сарыарқа өңірінде қола дәуіріне жататын Талдысай қонысына және Атасу, Мыржық, Ақ-Мұстафа, Ақмая қоныстарына әр жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде жинақталған тас құралдардың атқарған қызметін, шаруашылық пен өндірістің қай түрінде қолданылғанын анықтауға арналады.

Тақырыптың өзектілігі.

Қола дәуіріндегі тас жәдігерлер әлеуметтік-экономикалық тарихының, материалдық тұрмыс-тіршілігінің деңгейін, мәдениет ерекшеліктерін, сауда-экономикалық байланыстарының кейбір белгілерін көрсететін бағалы тарихи дерек. Диссертацияда Жезқазған тау-кен орталығына кіретін Талдысай қонысынан табылған тас құралдардың 1500 данасы, Солтүстік Бетпақдала қола дәуірі қоныстарына жататын Атасудан 300 дана, Мыржықтан 213 дана, Ақмұстафадан 21 дана және Ақмаядан 43 дана тастан жасалған археологиялық материалдары қарастырылады. Көптеген жылдар бойы қазба барысында жиналған археологиялық материалдар еліміздің әртүрлі мұражайлары мен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының қорында жинақталып тұр. Диссертациялық еңбекте тас құралдардың морфологиясына, типологиясы мен трасологиясына арнайы тоқталамыз.

Атасу мен Талдысай микроаудан қоныстарынан табылған археологиялық материалдарды трасологиялық әдістің негізінде талдау, өңдеу техникасының ерекшеліктерін айқындау, тас құралдарын топтарға, жіктерге бөлу диссертацияның өзекті мәселесі болып отыр.

Зерттеу жұмысының нысанына Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының 1975–1985 жылға дейін және 2018–2020 жылдар аралығында Атасу, Мыржық, Ақ-мұстафа, Ақмая және 1994 жылдан бастап Талдысай ертедегі кеншілердің қоныстарына жүргізген археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған тас құралдары мен бұйымдары жатады.

Зерттеу жұмысының пәні ретінде Жезқазған-Ұлытау металлургиялық орталығында орналасқан Талдысай және Ұлттық музей қорындағы Атасу, Мыржық, Ақмая және Ақ-мұстафа ескерткіштерінің тас құралдары диссертацияға арқау болды.

Диссертацияның мақсаты мен міндеттері. Жұмыстың мақсаты трасологиялық әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып Атасу мен Талдысай

микроаудандары қоныстарының ежелгі шаруашылық жүйесіндегі еңбек құралдарының рөлін зерттеу.

Айқындалған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

– Қола дәуірі андрон мәдени қауымдастығы кезіндегі табиғи – экологиялық ортаға бейімделуіндегі әсер еткен факторларды қарастыру;

– Ертедегі кеншілердің тас саймандарының жасау үшін қолданылған минералын зерттей отырып, шикізат көздерін анықтау;

– Атасу мен Талдысай микроаудандарында орналасқан кеніштер мен қоныстардың топо-ландшафтық ерекшеліктерін және тас құралдарын қарастырып отырған қоныстардың зерттелу тарихына тоқталу;

– қола дәуірі тас құралдарын зерттеуде теориялық-әдіснамалық негіздерін қалыптастыру;

– аталмыш қоныстардан жинақталған археологиялық материалдар арасындағы тас құралдарына трасологиялық талдау жүргізу;

– құрал бетіндегі макро және микро іздерінің белгілерін анықтау және жүйелеу, функционалды қызметін көршілес жатқан қоныс құралдарымен салыстыру;

– Қырғыштар мен кетпендердің өндірісте қолданудағы өзгерістерін анықтау;

– Еңбек құралдарының жасалу технологиясының дамып жетілуі мен таралуының кейбір мәселелерін талдау;

– Қарастырылып отырған микроаудандарындағы қоныстардың құрал-жабдықтарын қоғамның әлеуметтік-экономикалық, тарихи-мәдени дамуының көрсеткіші ретінде жіктеу;

– Трасологиялық орысша-қазақша терминологиялық сөздігін құрастыру.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Сарыарқа аймағының қола дәуірі тас құралдарына трасологиялық арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілмесе де, бұл тақырып зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған

Диссертацияның негізі Ұлытау-Жезқазған металлургиялық орталығына кіретін 1994 жылдан бастап, жыл сайын тұрақты археологиялық қазба жұмысы жүргізіліп келе жатқан Талдысай металлургтер қонысы болып отыр. Атасу қонысының 3688 м² аумағына қазба жұмыстары жүргізіліп, көптеген тас құралдары жиналып алынады. Алайда, тас құралдарының диссертацияда 300 данасы қарастырылады. Мыржық қонысының 584 м² аумақтағы тұрғын-үйлерге қазба жұмыстарын жүргізген. Бұл қоныстан 213 еңбек құралдарын жинаған. Ақмұстафа қонысында №15 тұрғын үйге зерттеу жүргізілген. Қазба барысында 21 тас құралдар тізімге алынған. Ақмая қонысында екі қазба орнына зерттеу жүргізіліп, қоныстан жалпы 43 дана тас құралы табылған. Трасологиялық және типологиялық зерттеулер негізінде Атасу мен Талдысай микроаудан қоныстары, шаруашылығы туралы мәлімет қорын кеңейтті. Дегенмен, Сарыарқа қола дәуірі қоныстарының тас құралдарын морфологиялық, трасологиялық тұрғыдан жинақталған біртұтас зерттеу жұмысы жоқ. Қарастырылып отырған диссертация осы

олқылықтарды толтыруға және қоныстардың шаруашылығындағы тас құралының рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың деректік кешені. Атасу мен Талдысай микроаудандарында орналасқан қоныстардың шаруашылығын зерттеуде маңызды деректер - Атасу аймағында 1970-80 жылдары және 2016-2020 жж. жүргізілген қазба барысында және Талдысай қонысы бойынша 1994 жылдан бері қазба негізінде жыл сайын жинақталған тас еңбек құралдар зерттеудің өзегі болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың территориялық ауқымына Сарыарқа жеріндегі Атасу мен Талдысай микроаудандарындағы ертедегі қола дәуірі металлургтерінің қоныстары Талдысай, Атасу, Мыржық, Ақмұстафа және Ақмая кіреді.

Диссертациялық жұмыстың мерзімдемелік шеңберіне қола дәуірінің б.з.д. II – I мыңжылдықтар арасы жатады.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында қолданылған әдістер мен әдіснама. Диссертациялық жұмысты зерттеу барысында алынған нәтижелерді сипаттау және салыстыру, жинақтау мен талдауды қамтитын жалпы ғылыми әдістер жиынтығы қолданылды.

Диссертациялық жұмыста тас құралдарының дамуындағы жалпы және ерекше белгілерді, сондай-ақ болған өзгерістерді анықтауға мүмкіндік беретін тарихи-салыстырмалы әдісі, бинокулярлы, макро- және микрофотографияны қолдану арқылы құралдардың тозу белгілерін анықтау үшін трасологиялық әдіс қолданылса, құралдарының бетіндегі тозу белгілерінің пайда болуын анықтау үшін эксперименттік әдіс қолданылды. Диссертацияда алынып отырған тастан жасалған барлық жәдігерлердің микро және макро іздерін микро камерасы бар УСМОС 5 тр окулярлы жабдықтар жиынтықты панкриатикалық стерео микроскоп МС 2 Zoom - TD 2-да зерттеліп, макрофотосуреттер Helicon focus бағдарламасын қолдана отырып Canon EOS 600D цифрлы фотоаппаратының көмегімен жүргізілді.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығына:

– Қола дәуірінде Атасу мен Талдысай микроаудандарының климаты қоңыржай болды. Жылы климат тұрғындардың өмір сүру салты мен шаруашылық іс жүргізулеріне оң әсерін тигізгені анықталды;

– Археологиялық минералогия саласының қазіргі кездегі заманауи зерттеулерін негізге ала отырып, еңбек құралдарын жасауда жергілікті тау тастары минералдық шикізат көздері ретінде қолданылғаны айқындалды;

– Тас құралдары зерттеуге негіз болып отырған қоныстардың орналасуындағы ерекшеліктерін айқындап, зерттеген ғалымдардың еңбектері сарапталып, талданды;

– Қоныстардан табылған тас құралдарын трасологиялық зерттеу үшін теориялық-әдіснамалық теориясы қалыптастырылды;

– Қазақстанның Орталық музейі мен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты қорында, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығының археология бөлімі қорында жинақталған Талдысай, Атасу,

Мыржық, Ақмұстафа мен Ақмая қоныстарынан табылған тас құралдарын трасологиялық талдаулар негізінде функционалды қызметі анықталды;

– Тас құралдарды микроанализ әдісі арқылы тозу белгілерінің макро- және микро белгілері анықталды, сипатталды және сараланды. Тозу іздері құрал жүзінің қиыршықтануымен және жұмыс бетінің микрорельефіндегі басқа да өзгерістері анықталды. Палеометал кезеңіндегі шаруашылық жүйесі аясында салыстырмалы талдаулар жүзеге асырылып, эталондық құралдардың трасологиялық жиынтығы жасалды;

– Қоныстардан табылған қырғыштардың атасулық кезеңінде жергілікті жыныс жаңқаларының формасы мен жарықшағы (ретушь) дәрекі түрде жасалғаны дәлелденді. Қола дәуірінде кетпеннің тау-кен металлургия ісінде жүзі доғалданып келетін түрі мен егін шаруашылығында қолданылған жүзі үшкір кетпен түрлері анықталды;

– Екі микроаудан қоныстары еңбек құралын тастан жасау технологиясында ұстаның өзіндік машықтануы мен тәсілдерінде өзгешеліктері бар екені анықталды;

– Қола дәуірінің жақсы дамыған кезінде өмір сүрген Талдысай, Атасу, Мыржық және Ақмұстафа, Ақмая қоныстарында металлургия саласы жетекші орында болғаны анықталып, малшаруашылығы, егіншілік және қолөнердің қосалқы шаруашылық түріне жататыны тұжырымдалды;

– Құралдардың атаулары мен трасология ғылымындағы терминдердің қазақша баламасы анықталып, сөздік қоры құрастырылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

– Қола дәуіріндегі орын алған жылы ауа райы және өзен-сулардың тартылуы, қысты күндері қардың қалың болуы көптеген жетекші шаруашылықтардың қарқынды дамуына әсерін тигізгені диссертация барысында анықталды;

– Қоныстардың орналасқан жері көптеген жыныстарға бай, әрі кен өндірісін жандандыруға жақсы аймақ екенін айтуға болады. Дегенмен, құрал жасау өнерінде қола дәуірінің қоныстарында ертедегі кеншілер сол аймақта жиі кездесетін гранит, құмдақтас, диорит және диобаз, кварцит секілді жыныстардан мықты балталар, қайла мен кетпендер, қырғыштар мен тегістегіштерді жасауға болатынын шеберлер жақсы білгенін және жынысты тұрғылықты аймағынан алған деп тұжырым жасаймыз;

– Атасу мен Талдысай микроаудандарында орналасқан қоныстарды көптеген жылдар бойы зерттеген ғалымдардың еңбектерінде жазылған тас құралдарының қай мәдени қабаттарда кездесетіні жайлы мәліметтер бір жүйеде қарастырып, қола дәуірінің нұра мен атасу кезеңдеріндегі құралдардың басым түрлері көрсетілді;

– Металлургиялық орталықтарға жататын қоныстардың еңбек құралдарын зерттеу үшін морфологиялық, типологиялық, концептуалды, трасологиялық әдістерді қолданып, оларды классификациялау негізінде түрлерін анықтап, өзге материалдармен салыстыру әдіснамасы негізінде зерттеу дұрыс деп табылды;

– Талдысай, Атасу, Мыржық, Ақмұстафа мен Ақмая қоныстарынан табылған тас құралдарды трасология әдісімен зерттеу нәтижесінде жұмыста

интенсивті пайдаланылған құралдардың кейбірі морфологиялық ұқсастығы болғанымен функционалды қызметі бойынша басқа сала құрал тобына жататыны анықталды. Қазақстанның өзге өңірлері мен Ресей аймағындағы қола дәуірі қоныстарының материалдарымен морфология, технология және минерологиясы бойынша салыстырмалы талдаулар жүргізілді. Нәтижесінде құралдардың кейбір түрлері жергілікті тұрғындарға ғана тән екені белгілі болды;

– Қола дәуірінің ертедегі тұрғындар шаруашылық қызметінде болған тас құралдарда пайдалану іздерінің макро және микро белгілері сақталады, олардың сыртқы түрі мен орналасу ерекшеліктері өңделетін материалдың қасиеттеріне және құралмен орындалатын операцияларға байланысты. Құралдардың функционалды топтары қоныстардағы шаруашылықтың немесе өндірістің белгілі бір нысандарымен тікелей байланысты;

– Қоныстардан табылған қырғыштардың энеолит кезеңіндегі кварцит пен яшма жыныстарынан жасалған классикалық түрінің нұра уақытында жалғасып, атасулық кезеңінде тау жынысының жаңқаларынан жасалатын қырғыштардың формасы дәрекі түрде жасауы көрініс тапқан. Қола дәуірінде кетпеннің тау-кен металлургия ісінде жүзі доғалданып келетін ағаш сапқа бекіту үшін жасалған екі ойықшасы бар кетпен түрі, жер шаруашылығында бір жағына қарай еңкіштеніп келген жүзі үшкір, ағаш сапқа бекітуге арналған екі немесе бір ойықшасы бар кетпен түрлері болғаны дәлелденді;

– Атасу мен Талдысай микроаудандары үшін нұра және атасулық кезеңдерде ең көп және алуан түрлі құралдар тобына металлургия мен метал өңдеуде қолданылатын құралдар жатады. Құралдарды зерттеу барысында жергілікті шеберлер қолынан жасалғаны анықталды;

– Талдысай, Атасу, Мыржық, Ақмұстафа және Ақмая қоныстарында қола дәуірінің атасулық кезеңінде металлургия, малшаруашылығы, егін егу және қолөнер саласының интенсивті дамуы болғанын тас құралдарды зерттеу нәтижелерімен дәлелденді;

– Орысша-қазақша тас құрал атаулары сөздігі ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның ежелгі тарихы, археологиясы мен этнологиясы мәселелерінің теориялық ізденістеріне, ЖОО арнайы оқу бағдарламасын жасауда, қазба барысында табылған археологиялық материалдарды талдау бағытында, көрме-экспозицияларды ұйымдастыруда пайдаланылуы мүмкін.

Жұмыстың жариялануы мен сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыстың негізгі қортындылары бірлескен авторлық ғылыми 2 монографияда, кітап-альбомда, 16 ғылыми мақалада жарық көрді. Соның ішінде докторантурада оқу барысында жарық көрген мақалалар саны – 8. Scopus базасына енетін Германия мен Қазан қаласында шығатын журналдарда 2 мақала жарық көрді.

Диссертацияның құрылымы. Зерттеу жұмысы бір бөлімнен кіріспе, төрт тарау, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қысқартулар мен қосымшалардан тұрады.